

Ұ.О. ЕРКІНБАЕВ<sup>1</sup>, Ж.И. ИСАЕВА<sup>2✉</sup>, Т.С. ЖОРАБАЙ<sup>3\*</sup>

<sup>1</sup>филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы Білім Академиясы  
(Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.), e-mail: u.yerkinbayev@gmail.com

<sup>2</sup>филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: zhazira.isaeva@ayu.edu.kz

<sup>3</sup>А.Байтұрсынұлы Білім Академиясының оқытушысы  
(Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.), e-mail: tseitkasymuly@gmail.com

### ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ОРТА БІЛІМ МАЗМҰНЫНДА БЕРІЛУ АСПЕКТІЛЕРІ (ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ НЕГІЗІНДЕ)

Мақала мазмұны қазіргі заманғы білім беру дискурсы контексті мен адамгершілік, ұлттық құндылықтар мәселесін қамтиды. Авторлар «барлығы ұрпақ тәрбиесінен басталады» деген тұжырымды алға тарта отырып, білім берудің мемлекеттік маңыздылығына тоқталады. Ұлттық код, ұлттық таным категориялары білім беру мазмұнының базалық негізін құрайды. Мақала авторлары аталған тақырыпты білім, мінез, дағды, мета білім беру жүйесі аясында қарастырады. Мақалада функционалды сауаттылыққа негізделген білім мазмұны сыни ойлау тұрғысынан талданады. Жаңартылған бағдарламаға көшу барысында ұлттық ерекшелік, ұлттық дүниетаным қағидаттары ескерілмеген. Бағдарлама мазмұны экономикалық мүдде ұстанымына негізделген оқу дағдыларын басшылыққа алған. Мұндай қағида кешенді түрде ұлттық тұтастыққа қызмет ете алмайтыны айқындалған.

Мақалада ұлт тілі, ұлт тарихы және ұлттық тәлім-тәрбие бойынша теориялық материалдар мен іс-тәжірибелік сараптамалар салыстырылған. Авторлардың пікірінше осы үш сала бойынша негізгі базалық білімді меңгертіп, алынған материалды өз пәнінде және пәнаралық байланыс негізінде қолдану тиімді болып саналады. Сонымен қатар мұғалімдердің ұлттық құндылықтарды тиімді әрі жүйелі пайдалану дағдылары ұсынылған. Әрі оқу процесі мен тұлға тәрбиесінде азаматтық ұстаным негізінде және ұлттық құндылық қайнары, ұлттық дүниетаным өзегі ретінде пайдалану жолдары көрсетілген. Мақалада орта мектептегі практик мұғалімдер үшін білім беру процесінде тарих, тіл, ұлттық тәлім-тәрбие бойынша алынған білімді практикалық түрде әр түрлі форматта (пікірсайыс, дөңгелек үстел, жобалық жарыс сайыстары, зияткерлік сайыстар, эссе, т.б.) қолдану жолдарына қатысты әдістемелік ұсыныстар берілген. Қорыта айтқанда, мақала ұлттық дүниетаным негізінде білім берудің шешуші мәселелеріне арналған.

**Кілт сөздер:** ұлттық код, ұлттық таным, білім мазмұны, жаңартылған білім мазмұны, білім беру дискурсы, ұлттық тіл, ұлттық дүниетаным, дағды.

#### **\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Еркінбаев Ұ.О., Исаева Ж.И., Жорабай Т.С. Ұлттық құндылықтардың орта білім мазмұнында берілу аспектілері (қазақ тілі мен әдебиеті пәні негізінде) // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2021. – №1 (119). – Б. 162–171. <https://doi.org/10.47526/habarshy.vi1.477>

#### **\*Cite us correctly:**

Erkinbaev U.O., Isaeva J.I., Jorabai T.S. Ulttyq qundylyqtardyń orta bilim mazmunynda berilý aspektileri (qazaq tili men ádebieti páni negizinde) [Aspects of the Transfer of National Values in the Content of Secondary Education (Based on the Kazakh Language and Literature)] // *Iasaýı ýniversitetiniń habarshysy*. – 2021. – №1 (119). – B. 162–171. <https://doi.org/10.47526/habarshy.vi1.477>

**U.O. Yerkinbayev<sup>1</sup>, Zh.I. Issayeva<sup>2</sup>, T.S. Zhorabay<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynuly Education Academy  
(Kazakhstan, Nur-Sultan), e-mail: u.yerkinbayev@gmail.com*

<sup>2</sup>*Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International  
Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkistan), e-mail: zhazira.isaeva@ayu.edu.kz*

<sup>3</sup>*Lecturer of A. Baitursynuly Education Academy  
(Kazakhstan, Nur-Sultan), e-mail: tseitkasymuly@gmail.com*

### **Aspects of the Transfer of National Values in the Content of Secondary Education (Based on the Kazakh Language and Literature)**

The content of the article covers the context of modern educational discourse and the problem of national values. The authors emphasize the state importance of education, arguing that «everything begins with the upbringing of the younger generation». National code, categories of national knowledge constitute the basic basis of the content of education. The authors of the article consider this topic in the context of knowledge, behavior, skills, meta-education system. The article analyzes the content of knowledge based on functional literacy from the point of view of critical thinking. The transition to the updated program does not take into account the principles of national identity and national ideology. The content of the program is based on learning skills based on the principle of economic interest. It is clear that such a principle cannot serve national unity comprehensively.

The article compares theoretical materials and practical analysis of the national language, national history and national education. According to the authors, it is effective to assimilate basic knowledge in these three areas and use the obtained material in your discipline and on the basis of interdisciplinary communication. In addition, effective skills for the systematic use of national values in the learning process are presented to teachers. It also shows how to use the educational process and personal development based on civic principles and as a source of national values. The article provides recommendations for teachers of secondary schools on the application of knowledge of history, language, national education in the educational process in various formats (debates, round tables, competitive projects, intellectual contests, essays, etc.). In conclusion, the article is devoted to the key issues of upbringing based on the national worldview.

**Keywords:** national code, national knowledge, knowledge content, updated education content, educational discourse, national language, national worldview, skills.

**У.О. Еркинбаев<sup>1</sup>, Ж.И. Исаева<sup>2</sup>, Т.С. Жорабай<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*кандидат филологических наук, Академия образования А. Байтурсынулы  
(Казakhstan, г. Нур-Султан), e-mail: u.yerkinbayev@gmail.com*

<sup>2</sup>*кандидат филологических наук, ассоциированный профессор  
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави  
(Казakhstan, г. Туркестан), e-mail: zhazira.isaeva@ayu.edu.kz*

<sup>3</sup>*преподаватель Академии образования А. Байтурсынулы  
(Казakhstan, г. Нур-Султан), e-mail: tseitkasymuly@gmail.com*

### **Аспекты передачи национальных ценностей в содержании среднего образования (на основе казахского языка и литературы)**

Содержание статьи охватывает контекст современного образовательного дискурса и проблемы общечеловеческих, национальных ценностей. Авторы подчеркивают государственную важность образования, утверждая, что «все начинается с воспитания подрастающего поколения». Национальный код, категории национальных знаний составляют базовую основу содержания образования. Авторы статьи рассматривают эту тему в контексте знаний, поведения, навыков, системы метаобразования. В статье

анализируется содержание знаний на основе функциональной грамотности с точки зрения критического мышления. Переход на обновленную программу не учитывает принципы национальной идентичности, национальной идеологии. Содержание программы основывается на навыках обучения, основанных на принципе экономической заинтересованности. Ясно, что такой принцип не может всесторонне служить национальному единству.

В статье сравниваются теоретические материалы и практический анализ национального языка, отечественной истории и национального образования. По мнению авторов, эффективно усваивать базовые знания в этих трех областях и использовать полученный материал в своей дисциплине и на основе междисциплинарного общения. Кроме того, для учителей представлены эффективные навыки систематического использования национальных ценностей в процессе обучения. Также показано, как использовать образовательный процесс и личностное развитие на основе гражданских принципов и в качестве источника национальных ценностей. В статье приведены рекомендации для учителей общеобразовательных школ по применению знаний истории, языка, отечественного образования в учебном процессе в различных форматах (дебаты, круглые столы, конкурсные проекты, интеллектуальные конкурсы, сочинения и др.). В общей сложности статья посвящена ключевым вопросам воспитания на основе национального мировоззрения.

**Ключевые слова:** национальный код, национальное познание, содержание знаний, обновленное содержание образования, образовательный дискурс, национальный язык, национальное мировоззрение, навыки.

### Кіріспе

Бүгінде орта білім беру саласында гуманитарлық пәндерді оқытуда бірқатар мәселелер ортаға шығып отыр. Тіл мен әдебиет пәндерін оқытуда тақырыптардың дұрыс игерілуі, оқушыларда тілдік дағдылар мен оқу сауаттылық дағдыларының қалыптасуында айтарлықтай қиындықтар бар. Қазақ тілі мен әдебиеті және тарих пәндерінің мұғалімдері тарихи, тілдік, көркем әдеби білімдермен жеткілікті дәрежеде қаруланбауы, әдістемелік қолдау мен әдістемелік көмекші материалдардың жетіспеушілігі салдарынан шығармашылық тоқырауға ұшырап, оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуында маңызды міндет атқаратын гуманитарлық пәндер бойынша сабақтардың қызықты, ынталы әрі академиялық талаптарға сай өтуіне мүмкіндік жасай алмайды. Ұлттық дүниетаным мен құндылықтарды кешенді түрде игермеген, оларды сабақтың тақырыбымен интеграциялау әдістерін білмейтін мұғалім сыныпта біртұтас тілдік орта қалыптастыруы екіталай.

Орта білім берудегі гуманитарлық пәндердің оқу мазмұнын ұлттық құндылықтарға негіздеу әдіснамасы уақыт талабы. Бұл тұрғыда гуманитарлық бағыттағы пәндердің оқу мақсаты, жоспары және оқыту әдістемелерінде ұлттық құндылықтардың берілу әдіснамаларын әзірлеу; аталған пәндердің арасында пәнаралық байланыс орнату арқылы интеграциялық, ассоциативтік тәжірибелерге негізделген әдістемелік әзірлемелер ұсыну қажеттілігі күн сайын артып отыр.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «...біз елді түзету ісін бала оқыту ісінен бастауымыз керек. Себебі, оқу-тәрбие ісі түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» деді. Бүгінде орта білім саласында іске асып жатқан өзгерістердің дені әлемдік білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтарға бағытталып отыр. Ол жаңашылдықтардың негізгі тұжырымдамасы нені көздейді? Бұрынғы білім беру жүйесінде нендей мәселелер назардан тыс қалды? Қазіргі оқылып бастаған жаңа оқу бағдарламаларының басты артықшылықтары қандай болмақ?

Бұл жерде бірден айтуымыз керек, жаңа оқу бағдарламасының негізінде, өзегінде – оқушылардың әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті болуы көзделген. Бірақ, бұл жерде біржақтылыққа ұрынып қалу қаупі бар. Батыстық қалыптасқан әдістер ұлттық педагогикамен

үйлесім таппай жатқан жағдаяттар кең етек алуда. Бұл ұрпақ тәрбиесінде өте қауіпті тенденция. Біз әлемдік білім бәсекесіне өз ұлттық ерекшелігімізді сақтай отырып қосылуымыз керек. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты бағдарламалық мақаласында да бұл мәселе тайға таңба басқандай анық айтылған: «Біз, өз дәстүр құндылықтарымызды, ұлттық ерекшелігімізді сақтай отырып, әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті болуымыз керек. Басқалай жағдайда, біз тарих топырағының шаңына көміліп қаламыз» [1, 2–4-бб.].

### Негізгі бөлім

Иә, бәсекеге қабілеттілікте, бүгінгідей алмағайып өзгерістер кезеңінде ұрпақ тәрбиесінің, оның адами, кәсіби келбетін танудың һәм қалыптастыру жолдарының маңыздылығы ерекше. Әсіресе, баланың стандартталған бағдарламалардан бір сәт азат етіп, өзінің ішкі, туа бітті қабілеттерін шыңдауы, оны ұдайы дамытуы өте маңызды. Бұл тәсіл өз кезеңінде баланың өзін тез танып, өмірлік мұраттарын айқындауына септігін тигізеді. Бұл туралы әлемдік экономикалық форум қорытындысына сілтеме жасауға әбден болады [2].

Соңғы 20 жылда елімізде білім берудің жаңа мазмұнға көшкені баршаға мәлім. Бұл өз кезегінде оқушыларға басы артық абстрактілі-теориялық білім мен бітпес тапсырмалар беруді жойып, білім мазмұнының неғұрлым практикалық сыпаттағы болмысын қалыптастырудың кешенді жобасы болып табылады.

Жаңа оқу бағдарламасының өзегінде – оқушылардың әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті болуы көзделген [3]. Иә, бәсекеге қабілеттілікте ұрпақ тәрбиесінің, оның біліктілігін, қабілетін айқындаудың, қалыптастыру жолдарының маңыздылығы ерекше. Әсіресе, баланың стандартталған бағдарламалардан бір сәт азат етіп, өзінің ішкі, туа бітті қабілеттерін дамытуы өте маңызды. Бұл тәсіл өз кезеңінде баланың өзін тез танып, өмірлік мұраттарын айқындауына септігін тигізеді. Дей тұрғанмен, өз құндылығын, білімі жоқ оқушыдан қандай тұлға қалыптаспақ?! Төрткүл дүниеге танымал Румидың сөзі бар: «Бір аяғың өз құндылығыңда болсын, екінші аяғыңмен ғаламды шарла» деген. Білім беру саласында ұлттық дүниетанымды қалыптастыру – елдік, стратегиялық мәселе. Сол себепті, бүгінде орта білім мазмұнында ұлттық дүниетанымға негізделген дағды қалыптастыру міндеті тұр. Ұлттық таным оқу үдерісінде жалпы және нақты дағдылардан басталып, метатаным деңгейінде жүйеленуі керек. Бұл тұрғыда мектеп мұғалімдері ұлттық дүниетанымға қатысты базалық біліммен қаруланы алға шығады. Себебі, «кез келген салаға қатысты біліктілікті арттыру – дағдыларды игеру процесін қамтиды» [4, 275-б.].

Ақпарат тасқыны кезеңіндегі тұлға тәрбиесі терең даналық пен үлкен шеберлікті, өміршең тәжірибе мен жасампаз жаңашылдықты талап етеді. Осыған орай, мақала авторлары тарапынан, тамыры терең тарихымыздың, бейнелі, құнарлы туған тіліміздің, ұлттық тәлім-тәрбиеміздің жауһарларын бүгінгі білім беру үдерісінде кеңінен қолдануды көздейтін кешенді бағдарлама жасалды. Мұғалімдердің ұлттық дүниетанымын кеңейту, біліктілігін арттыру және осы арқылы білім беру үдерісін ұлттық құндылықтар негізінде жүргізу болғандықтан, бағдарлама тақырыбы «**Ұлттық дүниетаным: білім беру үдерісінде**» деп алынды [5].

Оқу бағдарламасы «Ұлт тұлғасын қалыптастыру және тарих», «Ұлт тұлғасын қалыптастыру және тіл», «Ұлт тұлғасын қалыптастыру және ұлттық тәлім-тәрбие» модульдері бойынша берілген тақырыптық теориялық материалдар мен практикалық жұмыстарды қамтиды. Мәселен, қазақ хандығы тұсындағы тарихқа байланысты тарихи сананы қалыптастыру жұмыстары ретінде әуелі қазақ хандығы кезеңіне қатысты негізгі мәселелерге байланысты теориялық материал берілсе, екінші жағынан алынған білімді білім беру үдерісінде пайдалануды меңгерту мақсатында практикалық жұмыстар түрлерін үйрету жолы қарастырылған. Бұл мұғалімдердің тұлғалық, азаматтық қасиеттерін байыту мен

олардың елжанды азамат тәрбиелеуде теориялық білімі мен практикалық мүмкіндіктерін арттырады.

Бағдарлама ұлт тілі, ұлт тарихы және ұлттық тәлім-тәрбие бойынша теориялық материалдар мен іс-тәжірибелік жұмыстардан тұрады. Тыңдаушыларға курс барысында аталмыш үш сала бойынша негізгі базалық білімді меңгертіп, алынған материалды өз пәнінде және пәнаралық байланыс негізінде қолдану жолдары көрсетіледі. Сонымен қатар тыңдаушыларға оқыту мен мақсатты түрде ұйымдастырылатын іс-шаралар кезінде және педагогикалық үдеріс кезеңіндегі қарым-қатынас барысында ұлттық құндылықтарды тиімді әрі жүйелі пайдалану дағдылары үйретіледі. Бағдарлама материалдарын тұлға тәрбиесінде азаматтық ұстаным негізінде және ұлттық құндылық қайнары, ұлттық дүниетаным өзегі ретінде пайдалану жолдары көрсетіледі:

- ұстаз тұлғасы ұлттық дүниетаным негізінде кемелденеді;
- ұлттық дүниетаным негіздері – тарих, тіл, ұлттық тәлім-тәрбие бойынша негізгі базалық білімдерді меңгереді;
- тарих, тіл, ұлттық тәлім-тәрбие бойынша алынған білімді пәндік мақсатта, пәнаралық байланыс түрінде, педагогикалық іс-әрекет, қарым-қатынас кезеңінде пайдалануды үйренеді;
- білім беру үдерісін ұлттық құндылықтар негізінде үйлестірудің отандық және шетелдік тәжірибелерімен танысады;
- алынған теориялық материалдарды қалыптасқан жағдайды талдай отырып, нақты жағдаяттық кейстермен қолдануды үйренеді;
- тұлға қалыптастыруда тарих, тіл, ұлттық тәлім-тәрбие бойынша алынған білімді практикалық түрде әр түрлі форматта (пікірсайыс, дөңгелек үстел, жобалық жарыс сайыстары, зияткерлік сайыстар, эссе, т.б.) қолдануды меңгереді;
- ұлттық дүниетаным негізінде білім беру үдерісінде кешенді іс-шаралар жүргізуді меңгереді [5].

Бағдарлама тақырыптары 1-кестеде беріледі.

### 1-кесте – Бағдарлама тақырыптары

| Қ/с                                 | Поэтикалық тақырып | Тақырып   |
|-------------------------------------|--------------------|---|
| <b>I модуль</b>                     |                    |   |
| <b>ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ ЖӘНЕ ТАРИХ</b> |                    |   |
|                                     | «Істің басы»       | Курсқа кіріспе  |
| 1                                   | «Ұлы дала дүбірі»  | 1.1. Ежелгі түркі өркениеті әлемдік өркениеттер жүйесінде<br>1.2. Көне түркі тайпаларының мемлекеттік құрылымы, саяси жағдайы мен мәдени құндылықтары.  |
|                                     |                    | 1.3. Қазақ этногенезінің б.з. VII–VIII ғасырына дейінгі тарих және тарихи сана білім беру үдерісінде  |
| 2.                                  | «Қара шаңырақ»     | 2.1. Орта ғасырлардағы қазіргі Қазақстан территориясы аумағындағы мемлекеттердің тарихи, саяси жағдайы<br>2.2. Орта ғасырлардағы қыпшақ мемлекетінен Алтын Орда мемлекетіне дейінгі рухани және материалдық мәдениеттің ерекшеліктері |
|                                     |                    | 2.3. Орта ғасыр тарихы және тарихи сана білім беру үдерісінде   |
| 3.                                  | «Алтын тақ»        | 3.1. Қазақ хандығының тарихи, саяси жағдайы<br>3.2. Қазақ хандығы кезеңіндегі ұлттық мәдениеттің қалыптасуы, дамуы<br>3.3. Қазақ хандығы тарихы және тарихи сана білім беру үдерісінде  |

1-кестенің жалғасы

|  |  |  |
|--|--|--|
| 4.   | «Алаш туы астында»                     | 4.1. XIX ғасырдың II жартысы мен тәуелсіздікке дейінгі кезең аралығындағы тарихи, саяси жағдайлар                      |
|  |  | 4.2. Алаш арыстары және тәуелсіздік  |
|  |  | 4.3. XIX ғасырдың II жартысы мен тәуелсіздікке дейінгі кезең аралығындағы тарих және тарихи сана білім беру үдерісінде |
| 5.   | «Ұлттың ұлы мұраты – «Мәңгілік Ел»     | 5.1. Тәуелсіздік алғаннан бүгінгі күнге дейінгі Қазақстанның тарихи, саяси, экономикалық жағдайы                       |
|  |  | 5.2. Тәуелсіз Қазақстанның негізгі мұратнамасы – «Мәңгілік Ел» идеясының маңыздылығы және оның негізгі құндылықтары    |
|  |  | 5.3. Тәуелсіздік және тарихи сана білім беру үдерісінде  |
| <b>II модуль</b>                           |  |  |
| <b>ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ ЖӘНЕ ТІЛ</b>          |  |  |
| 1.   | «Нұрлы жұлдыз»                         | 1.1. Ұлт тілінің қалыптасуының, дамуының тарихи кезеңдері  |
|  |  | 1.2. Қазақ тілі этногенезінің б.з. VII-VIII ғасырына дейінгі ескерткіштер мен ұлттық мәдениеттің тілдік деректері      |
|  |  | 1.3. Орта ғасырлардағы ескерткіштер мен ұлттық мәдениеттің тілдік деректері  |
|  |  | 1.4. Ұлттық тілдің қалыптасу кезеңінің XV ғасырына дейінгі уақыт және тілдік сана                                      |
| 2.   | «Сұрағандарың сөз болса»               | 2.1. Ұлттық дүниетаным және тіл  |
|  |  | 2.2. Ұлттық дүниетанымның тілдегі бірліктер негізіндегі тарихы, дамуы және бүгінгі жағдайы                             |
|  |  | 2.3. Ұлттық дүниетаным және тілдік сана  |
| 3.   | «Тіл – өмір!»                          | 3.1. Ана тілі және тұлғалық қалыптасу, даму  |
|  |  | 3.2. Тыйым сөздер және ұлттық болмыс   |
| 4.   | «Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім» | 4.1. Тіл мәдениеті   |
|  |  | 4.2. Шешендік өнер   |
|  |  | 4.3. Тіл мәдениетін сақтау және шешендік өнер арқылы зияткер тұлға қалыптастыру  |
| 5.   | «Өссе тілім, мен де бірге өсемін»      | 5.1. Тіл әлеуеті: ұлт тілінің бүгінгі мен болашағы   |
|  |  | 5.2. Мемлекеттік тіл және білім беру үдерісі   |
| <b>III Модуль</b>                          |  |  |
| <b>ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ ЖӘНЕ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ</b> |  |  |
| 1  | «Дала даналығы»                        | 1.1. Ұлттық тәлімдік ойдың арғы бастаулары   |
| 2  | «Ізгілік қайнары»                      | 2.1. Сөз өнері және ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтары   |
|  |  | 2.2. Сөз өнеріндегі ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтары білім беру үдерісінде   |
| 3  | «Мәдени код»                           | 3.1. Салт-дәстүр және әдет-ғұрыптардың тәлімдік маңыздылығы  |
|  |  | 3.2. Салт-дәстүр және әдет-ғұрыптар білім беру үдерісінде  |
| 4  | «Ұшқан ұя ұлағаты»                     | 4.1. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы отбасы тәрбиесі  |
|  |  | 4.2. Қазақ отбасысының дәстүрлі тәрбиесі білім беру үдерісінде   |
| 5  | «Идеалды қазақ тұлғасы»                | 5.1. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы қадір, қасиет ұғымы, қадірлі адам феномені   |
|  |  | 5.2. Қадір, қасиет ұғымдары, қадірлі адам тұлғасы білім беру үдерісінде  |

1-кестенің жалғасы

|   |                             |  |
|---|-----------------------------|--|
| 6 | «Ізгілік дәні»              | 6.1. Ұлттық дүниетанымдағы басты адамгершілік қасиеттер<br>6.2. Ұлттық дүниетанымдағы басты адамгершілік қасиеттер білім беру үдерісінде |
| 7 | «Анахарсистен Абайға дейін» | 7.1. Тұлғалар тағлымы.<br>7.2. Тұлғалар тағлымы бүгінгі білім беру үдерісінде  |
| 8 | «Төл өнер тағылымы»         | 8.1. Ұлттық өнер негізіндегі тәлім-тәрбиенің маңыздылығы<br>8.2. Ұлттық өнер тағылымы білім беру үдерісінде                              |
| 9 | «Ұлы мұрат»                 | 9.1. Ұлттық тәлім-тәрбиенің бүгінгі мен келешегі   |

Жаһандық бәсекеде қандай да бір ел білім беруге тиімді, төте тәсілдерді басшылыққа алса, мазмұн мен іс-тәжірибенің синтезіне ие болса, сол ел озық шығады, жетістікке жетеді деген сөз. Қазір жиі айтып жүрген үздік он дағдының да негізінде, іргетасында ұлттық танымға негізделген білім болуы керек.

Әрине, «ұлттық, ұлттық» деген сөзді бастырмалата айтқаннан ол білім болып оқушыға қона салмайды. Оның да өзіндік сатылары бар. Бұл тұрғыда, білім құндылығы мен бала арасындағы алтын көпір мұғалім екені түсінікті. Мұғалімнің білім білігі, сайып келгенде, еліміздің келешегі, мемлекеттің қауіпсіздігі. Ұлттың рухани ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу ісі түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» дейтіні де осы ұстанымнан келіп шығады.

Мектептегі ізгілік (гуманитарлық) пәндерінің негізгісі – қазақ әдебиеті. Мақала авторлары 2017 жылы «Әдебиеттен 5-сыныпта кімдерді оқығыңыз келеді?» тақырыбымен әлеуметтік желіде зерттеу жүргізген болатын. Онда қоғам өкілдеріне: «Өзіңізді бір сәт 11 жасар ақылды оқушы сезініп, төмендегі екі бағдарламаның бірін таңдаңыз. Жауап ретінде 1 (бұрынғы) және 2 (жаңа) бағдарлама, 3 (ұсыныс) сандарын қолданыңыз» деген мәтінде ұсыныс жасалды.

Бірінші тізім ескі бағдарлама, екінші тізім жаңа бағдарлама бойынша берілді.

**Бірінші тізім:** «Әдебиет пәні», «Халық ауыз әдебиеті», «Тұрмыс-салт жырлары», «Мақал-мәтелдер», «Қанатты, нақыл сөздер», «Жұмбақтар мен жаңылтпаштар», «Ертегілер» «Аңыз әңгімелер, шешендік сөздер», «Әпсаналар», «Әдеби ертегілер. «Ақселеу Сейдімбек. «Әйел-Ана» ертегісі», «Мысал өлеңдер», «Махамбет Өтемісұлы. «Соғыс», «Қызғыш құс» өлеңдері» «Ыбырай Алтынсарин. «Өзен» өлеңі, «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімесі» «Абай Құнанбайұлы. «Қыс», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдері, «Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Шілде» өлеңі», «Мағжан Жұмабаев. «Қысқы жолда», «Сағым», «Балалық шақ» өлеңдері», «Сәкен Сейфуллин. «Ақсақ киік» өлеңі», «Ілияс Жансүгіров. «Күй» поэмасы», «Мұхтар Әуезов. «Ақын қонақтар» («Абай жолы» роман-эпопеясынан үзінді)», «Сәбит Мұқанов. «Лашын» («Өмір мектебі» романынан үзінді)», «Ғабит Мүсірепов. «Жаңа достар» («Қазақ солдатты» романынан үзінді)», «Сапарғали Бегалин. «Бала Шоқан» («Бала Шоқан» повесінен үзінді)», «Қалмақан Әбдіқадыров. «Қажымұқан» (хикаяттан үзінді)», «Қасым Аманжолов. «Жамырап күнде жас өмір» өлеңі», «Жұбан Молдағалиев. «Ар-ұят туралы» өлеңі», «Сырбай Мәуленов. «Менің Республикам» өлеңі», «Қуандық Шаңғытбаев. «Сабалақ» өлеңі», «Мұқағали Мақатаев. «Фантазия», «Барлығы да сендердікі», «Мен таулықпын» өлеңдері», «Сәкен Жүнісов. «Ақырғы бәйге» («Ақан сері» романынан үзінді)», «Қадыр Мырзалиев. «Ана» өлеңі», «Қабдеш Жұмаділов. «Қозыкүрең» («Сәйгүліктер» романынан үзінді)», «Жүмекен Нәжімеденов. «Сен ақылды болсаң екен», «Жаманыңды көрмесем» өлеңдері», «Нәсіреддин Серәлиев. «Аңсау» әңгімесі», «Тұманбай Молдағалиев. «Бауырлар» өлеңі, «Фариза Оңғарсынова. «Оюлар» өлеңі», «Мұхтар Шаханов. «Нарынкұм зауалы» өлеңі», «Күләш Ахметова. «Қазағым менің» өлеңі», «Даниэль Дефо. «Робинзон Крузо» («Робинзон Крузо» романы)». Қорытындылау (1 сағат)». Барлығы 48 туынды. 68 сағат. 4 тоқсан, 5-сынып.

**Екінші тізім:** «Керқұла атты Кендебай» ертегісі, «Қобыланды батыр» жыры, Асан қайғы «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы, Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі, Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейіткұл», «Атымтай Жомарт», «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімелері, Ахмет Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы, «Адамдық диқаншысы» өлеңі, Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа» хикаяты, Марат Қабанбай «Бауыр» әңгімесі, Тынымбай Нұрмағамбетов «Анасын сағынған бала» әңгімесі, Джек Лондон «Мексика ұлы» әңгімесі. Барлығы 11 туынды. 68 сағат. 4 тоқсан, 5-сынып [6].

Жаңартылған бағдарламада 37 шығарма қысқарған. Бұл қандай да бір зерттеудің, сараптамалық жұмыстың нәтижесінде жасалған. Бұл екі бағдарлама мазмұнына қатысты арналған сауалнамаға 150 адам қатысты. Сауалнама қатысушыларына жауап беру барысында оқушының физикалық, танымдық мүмкіндігін ескеру сұралды. Нәтижесінде қатысушылардың 78 пайызы екінші тізімді, яғни жаңартылған оқу бағдарламасын дұрыс деп тапты. 25 пайызы бірінші тізімді, яғни, жаңартылған бағдарламаға дейінгі қолданыстағы оқу бағдарламасын таңдады. Және таңдау барысында жасаған аргументтермен толықтай фейсбук парақшадағы сауалнама соңында қалдырылған пікірлер арқылы танысуға болады.

Екі бағдарламадағы білім мазмұнының берілуіндегі айырмашылық айқын байқалады. Ескі бағдарламада мақсаттың орындалуында нақтылық жоқ. Жалпылама шолу ретінде берілген. Бір сағатта бір дәуірдің әдеби мәтіндерін меңгерту. Көп жағдайда бұл формалды жайттарға ұрындырады. Ал жаңартылған білім мазмұнындағы бағдарламаға келсек, онда оқу мақсаттарын барынша күрделендіріп жіберген.

Мәселен жаңартылған бағдарламада (10-сыныптағы) базалық білім мазмұнындағы мына талаптар орта білім аясында игерілуі керек пе? Мұны талқыға салып саралау қажет деп санаймыз:

«1) түсіну және жауап беру: әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну, әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу, көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау, көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы мәселелермен байланыстыру, шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу;

2) талдау және интерпретация: әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау, шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысы, шығармадағы автор стилі мен көркемдегіш құралдардың қызметін ашу, көркем шығармадағы көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс жазу, әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдап, өзіндік ой қорыту;

3) бағалау және салыстыру: шығарманы мазмұндас туындылардың үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау, көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беру, шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу, шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу».

Тіпті бакалавр деңгейінде де ауыр болып келетін тақырыптар көп кездеседі. Бұл туралы бағдарлама авторлары «қазіргі оқушылардың деңгейінің жоғары, танымдық, ақпараттық мүмкіндігінің мол» екендігін алға тартады. Ал оқу мақсаттарының сынып жоғарылаған сайын күрделене түсуі, керісінше, құптарлық жағдай. Яғни, оқу мақсаттары арқылы берілетін тапсырма арқылы білімнің дағдыға айналу үдерісі орын алған. Бұл жаңа бағдарламаның бірден бір ерекшелігі деуге болады. Дей тұрғанмен оқу мақсаттары туралы әлі де пысықтайтын жайттар жетерлік.

Мақала авторлары тарапынан дайындалған келесі бағдарлама «Ұлт зиялыларының педагогикалық тәжірибесі» деп аталады. Мұнда бағдарлама мазмұнына кеңінен тоқталып жатпайын. Бұл бағдарлама аясында да мұғалімдерге арналған 72 сағаттық біліктілік арттыру



курсы дайындалған болатын. Ол жалпы педагог қызметкерлерге арналған. Жоғарыда айтқанымыздай, мұндағы мақсат педагогтардың өз ұлтының төл әдістемесінен хабардар болуы. Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Қошқе Кемеңгеров сынды басқа да ұлт зиялыларының өмірі мектеп өмірімен, сабақ берумен, оқулық дайындау ісімен тікелей байланысты. Осы курс барысында сол тәжірибелерді жүйелеп беру мақсат етілді. Әрі мұғалімдерді қазақ халқының көрнекті тұлғаларының ағарту ісіне сіңірген еңбектерін зерделеу арқылы өз ісіне ынталандыру. Бұл да маңызды мақсаттың бірі. Сонымен қатар, педагогтарды ұлт зиялыларының тұлғалық принциптері мен педагогтық қағидаларына сүйене отырып, оқу-тәрбие жұмысына шығармашылық тұрғыдан келуге дағдыландыру.

Әрине қазіргі зерттеушілер қызықты пікірлер айтады. Мәселен, педагог, жаңашыл Кен Робинсон /Ken Robinson/, бүгінгі білім беру жүйесіне креативтілік, сан алуандық қасиет жетіспейтіндігін жиі айтып келеді. «Болашақтың мектебі» атты кітабында ағылшын ғалымы былай дейді: «Балалардың қабілеті сан қырлы. Бірақ, біз оларға қасаң бір қырлы стандартта білім бергіміз келеді. Біз әлі күнге дейін аграрлық, өндірістік жүйеге негізделген орта білімнен арыла алмай келеміз. Бұл жүйе адамның сан қырлы интеллектуалын танудан гөрі жансыз өндірістік жүйенің қажеттіліктерін өтеуге ыңғайлы» [7, 142-б.]. Әлбетте, бұл қаперге алатын пікір. Ал біздің мақсат балалар қандай форматта оқыса да өздерінің төл құндылықтарынан ажырамауы керек. Әлеуметтік мотивтің ішкі құндылықпен қабысуының маңыздылығын айтқан Стивен Кови баланың тұлғалық жағынан ашылуына мүмкіндік беруге күш салу керектігіне тоқталған. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін тіпті ата-ананың да іштей өзгерістерді басынан кешуі мүмкін [8, 33-б.]. Әрине, адам баласы қалыптасқан дәстүрлерге, белгілі бір тәртіптер мен ережелерге өмірдің бұлжымас заңы ретінде сенеді. Бұл сенім өзгерген әлемде іске аспайтыны анық болса да қалыптасқан қағидаларды берік ұстануға алып келеді [9, 47-б.]. Дегенмен білім беру саласындағы қасаң қағидалардың өзгеріске ұшырап, тіпті ұғымдық, концептуалдық тұрғыда қайта қарастырылып жатуы жаңарған және қайта жаңғырған құндылықтардың қоғам санасында орныға бастауының көрінісі іспеттес. Әсіресе бүгінгі зерттеулерде «Төңкерісті мойындаудың бір дәлелі – білім беру дискурсында «білім алу» терминінің «оқыту» терминінен жоғары тұратынын қабыл алу» деп тілге тиек етілуі осыған мысал бола алады [10, 22-б.].

### **Қорытынды**

Қорыта келе айтарымыз, автор ретінде біз дайындаған жоғарыдағы бағдарламалардың басты мақсаты мектеп мұғалімдері мен оқушыларын қазақ халқының көрнекті тұлғалары – ұлт зиялыларының тұлғалық принциптері мен педагогтық қағидаларына сүйене отырып, тәрбиелеу болып табылады. Оның нәтижесі оқу-тәрбие жұмысына шығармашылық тұрғыдан келуге дағдыландыруда көрініс табатыны анық.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Назарбаев Н. Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар // Егемен Қазақстан. – 2017. – 12 сәуір.
2. Reports | World Economic Forum [Electronic resource]. – Access mode: <https://www.weforum.org/reports/>.
3. Фейдл Ч., Бялик М., Трилинг Б. Четырехмерное образование. – М.: Точка, 2018. – 235 с.
4. Дейл Х. Шунк. Оқыту теориясы. Білім беру көкжиегі. – Астана: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 608 б.
5. Еркінбаев Ұ., Қайралапов Н. «Ұлттық дүниетаным: білім беру үдерісінде». Авторлық куәлік. №6934 10.12.2019.

6. Ұлан Еркінбай. Әдебиеттен 5 сыныпта кімдерді оқығыңыз келеді? [Электронды ресурс]. – Астана, 2018. – 29 наурыз. – Кіру режимі: <https://www.facebook.com/tanbalykz/posts/786760478174447>.
7. Робинсон К., Ароника Л. Школа будущего. Как вырастить талантливого ребенка. – М.: «Манн. Иванов и Фербер», 2016. – 368 с.
8. Стивен Р. Кови. Жасампаз жандардың 7 дағдысы. Тұлғаны дамытудың тегеурінді тетіктері. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 352 б.
9. Хан С. Весь мир – школа. Преобразованное образование. – М.: Издательский дом «Классика-XXI», 2015. – 167 с.
10. Элен Б., Рона Ш. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 2019. – 328 б.

### REFERENCES

1. Nazarbaev N. Rýhanı jańǵyrý: bolashaqqa baǵdar // Egemen Qazaqstan. – 2017. – 12 sáýir. [in Kazakh].
2. Reports | World Economic Forum [Electronic resource]. – Access mode: <https://www.weforum.org/reports/>.
3. Feidl Ch., Bialik M., Trilling B. Chetyrehmernoe obrazovanie. – M.: Tochka, 2018. – 235 s. [in Russian].
4. Deil H. Shýnk. Oqytý teoriıasy. Bilim berý kókjıegi. – Astana: «Ultyyq aýdarma bırosy» qoǵamdyq qory, 2019. – 608 b. [in Kazakh].
5. Erkinbaev U., Qairalapov N. «Ultyyq dúnietanym: bilim berý úderisinde». Avtorlyq kýalik. №6934 10.12.2019. [in Kazakh].
6. Ulan Erkinbai. Ádebietten 5 synypta kimderdi oqyǵyńyz keledi? [Elektronny resýrs]. – Astana, 2018. – 29 nauryz. – Kiru rejimi: <https://www.facebook.com/tanbalykz/posts/786760478174447>. [in Kazakh].
7. Robinson K., Aronika L. Shkola býdýshego. Kak vyrastit talantlıvogo rebenka. – M.: «Mann. Ivanov i Ferber», 2016. – 368 s. [in Russian].
8. Stiven R. Kovi. Jasampaz jandardyń 7 daǵdysy. Tulǵany damytýdyń tegeýrindi tetikteri. – Almaty: «Ultyyq aýdarma bırosy» qoǵamdyq qory, 2018. – 352 b. [in Kazakh].
9. Han S. Ves mir – shkola. Preobrazovannoe obrazovanie. – M.: Izdatelskii dom «Klassika-XXI», 2015. – 167 s. [in Russian].
10. Elen B., Rona Sh. Pedagogikany tsifrlyq dáýirde qaita zerdeley. XXI ǵasyrdaǵy oqytý dizainy. – Almaty: «Ultyyq aýdarma bırosy» qoǵamdyq qory. – 2019. – 328 b. [in Kazakh].